



Қосымша құн салығы көтерілмейді

6-бет



Құмар ойынан құтқаратын орталық

8-бет



Жылыңдан неге жырақтап барамыз?

12-бет

EGEMEN QAZAQSTAN

Мемлекетшілдік мінбері

20 АҚПАН 2024 ЖЫЛ, СЕЙСЕНБІ №35 (30764)

www.egemen.kz

E-mail: info@egemen.kz

FACEBOOK.COM/EGEMENKZ

TWITTER.COM/EGEMENKZ

Ынтымақтастықтан – еларалық игілікке



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Өзбекстанның Сыртқы істер министрі Бахтиёр Саидовты қабылдады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Өзбекстанның сыртқы саясат ведомствосының басшысына ілтипат білдіре отырып, қазақ-өзбек ынтымақтастығы барлық салада қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті. Оның айтуынша, Қазақстан бауырлас Өзбекстанмен өзара қарым-қатынасты одан әрі нығайтуға баса мән береді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Шавкат Мирзиёевтің екіжақты байланыстарды тереңдетуіне елеулі үлес қосып

отырғанына тоқталып, Қазақстан өңір халықтарының игілігі мен өсіп-өркендеуіне бағытталған Өзбекстанның бас-тамаларын алдағы уақытта да қолдауға дайын екенін жеткізді.

Кездесу барысында сауда-экономикалық ықпалдастықты кеңейту мәселелері талқыланды. Екі елдің дамуына тың серпін беретін жаңа бағыттарды қарастыру және екіжақты тауар айналымын арттыру маңызды екені айтылды.

Мемлекет басшысы көлік-транзит саласындағы ынтымақтастықты нығайтудың мәні зор екенін атап өтті. Президент Қазақстанның «Дарбаза – Мақтарал» теміржол желісін салуға кіріскенін мәлімдеді. Бұл жолды одан әрі Өзбекстан шекарасына жеткізу көзделіп отыр. Аталған теміржол байланысы екі ел арасындағы жүк тасымалының көлемін ұлғайтуға мүмкіндік береді. Қасым-Жомарт Тоқаев Өзбекстан тарапының Транскаспий халықаралық көлік бағдарын дамыту ісіне атсалысуы барлық тарапқа тиімді болады деп санайды.

Өз кезегінде Бахтиёр Саидов құрмет көрсеткені үшін Мемлекет басшысына алғыс айтып, Өзбекстан Президентінің ізгі тілегін жеткізді.

Министрдің айтуынша, екі ел басшылары Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы одақтастық қарым-қатынасты нығайту үшін жоғары жеке қойып отыр. Осыған орай Бахтиёр Саидов бұған дейін жоғары деңгейде қол жеткізілген уағдаластықтарды сапалы жүзеге асыру жөніндегі бірлескен жұмыс жоспарын баяндады.

Сонымен қатар кездесу барысында су шаруашылығы саласындағы ынтымақтастық және Орталық Азиядағы өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері талқыланды.

Бұдан бөлек, алдағы уақытқа жоспарланған екіжақты және көпжақты сипаттағы кездесулер мен іс-шаралар кестесі қарастырылды.

Бәсекелестікті қорғау мен дамыту өзекті



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің төрағасы Марат Омаровты қабылдады.

Президентке Агенттіктің бақылау функцияларын орындау барысы, оның ішінде экономиканы монополиядан арылту жөніндегі құқық қорғау органдарымен бірлескен жұмыстары туралы есеп берілді.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа монополияға қарсы шаралар аясында атқарылған жұмыстар туралы баяндалды. Орындалған ұйғарымдардың үлесі 90,3 пайызға жетті.

Сонымен қатар Марат Омаров Агенттіктің бәсекелестікті дамыту жөніндегі 2024 жылға арналған жоспары жайында айтты.

Агенттік төрағасының айтуынша, бүгінде бәсекелестіктің жай-күйін талдау үшін ақпараттық-сараптамалық

жүйе әзірленіп, іске қосылған, мемлекеттік қызметтер цифрландырылған. Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің ақпараттық жүйесі, яғни деректер базасы әзірленіп жатыр. Картельдік сөз байласу фактілерін анықтау мақсатында жасанды интеллект элементтері енгізіледі.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев Марат Омаровқа экономиканың негізгі секторларында бәсекелестікті дамытуға, ведомствоның жүргізіп жатқан тексеру жұмыстарына, сондай-ақ шағын және орта бизнесті қорғауға әрі өркендетуге қатысты бірқатар тапсырма берді.

РЕСМИ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуына байланысты Қырғыз Республикасының 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты, Еуразиялық экономикалық одақтың құқығына кіретін жекелеген халықаралық шарттарды және Еуразиялық экономикалық одақ органдарының актілерін қолдануы жөніндегі жағдайлар мен өтпелі ережелер туралы 2015 жылғы 8 мамырда қол қойылған хаттамаға өзгеріс енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы

2023 жылғы 25 мамырда Мәскеуде жасалған 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуына байланысты Қырғыз Республикасының 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты, Еуразиялық экономикалық одақтың құқығына кіретін жекелеген халықаралық шарттарды және Еуразиялық экономикалық одақ органдарының актілерін қолдануы жөніндегі жағдайлар мен өтпелі ережелер туралы 2015 жылғы 8 мамырда қол қойылған хаттамаға өзгеріс енгізу туралы хаттама ратификациялансын.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2024 жылғы 19 ақпан
№ 61-VIII ҚРЗ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Эстония Республикасының Үкіметі арасындағы адамдардың реадмиссиясы туралы келісімді ратификациялау туралы

2022 жылғы 15 желтоқсанда Астанада жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Эстония Республикасының Үкіметі арасындағы адамдардың реадмиссиясы туралы келісім ратификациялансын.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2024 жылғы 19 ақпан
№ 62-VIII ҚРЗ

ОТАНДЫҚ ӨНДІРІС

Жетісудағы жаңа зауыт

Талдықорғанда тұрмыстық химия өндіретін шағын зауыт іске қосылды. Тәулігіне 10 тонна өнім шығару мүмкіндігі бар цех қаланы күнделікті тұрмысқа қажет сұйық ұнтақтармен толық қамтамасыз етуге қауқарлы. Кәсіпкер бұл бизнесіне 50 млн теңге инвестиция салған. Қазір шағын кәсіпорының жұмысын Қытай мамандарымен бірлесіп жандандырып жатыр. Ендігі мақсаты – өнімдерді үлкен нарыққа шығару.

Мұхтар КҮМІСБЕК,
«Egemen Qazaqstan»

Кәсіп иесі Тоқа Қарқын – тарихи отанына оралған көп қазақтың бірі. Бірнеше жыл бойы түрлі салада бағын сынап, ақыры өз

ісін ашуға бел байлайды. Нарық сұранысын зерттей келе, ол тұрмыстық химия бизнесімен айналысуды жөн көрді. Бизнесіне тәжірибесі аздығы да кәсіп бастауына кедергі келтірмеді. Бүкіл үдерісті зерттеп, ең алдымен қажетті

құрал-жабдықтар сатып алып, қолайлы бөлмені жалға алды. Заманауи 3 станок орнатып, 4 түрлі өнім шығару бастады.

«Құрал-жабдықтарды Қытайдан сатып алдым. Үйлестірушілер жабдықтарды орнатып, қалай қолдануды үйретті. Қазір «Таза» брендімен ыдыс жууға арналған гель, кір жууға арналған гель концентратын және «Akzhol» автокөлік косметикасының шыны және көлік жууға арналған екі түрін шығарамыз. Кәсіпорынның қуаттылығы тәулігіне 10 тонна дайын өнім шығаруға жетеді.

Өзірге 1 тонна өндіріп жатырмыз. Кәсіпорнымыз өткен жылдың желтоқсан айының соңында ашылғандықтан, бұл бастамасы деуге болады. Сауда-саттықты жолға қойдық. Бізде жұмыс істейтін 6 қызметкердің 2-еуі осы бағыттағы жұмыстарына, сондай-ақ шағын және орта бизнесті қорғауға әрі өркендетуге қатысты бірқатар тапсырма берді.

(Соңы 5-бетте)

БАСЫЛЫМ ТАРИХЫНАН

Ширек ғасыр

«Егемен Қазақстанның» елордаға қоныс аударғанына бүгін 25 жыл толды

«Егемен Қазақстан» елордаға қоныс аударады екен» деген бейресми хабардың айтылғанына да біраз уақыт болған еді. Басылымның астанаға көшіп келуі әу баста 1998 жылдың жазына белгіленгені туралы да арагидік әңгіме қозғалып қалып жүретін.

Самат МҰСА,
«Egemen Qazaqstan»

Осыдан да шығар, Алматыдағы әріптестеріміз бен тамыр таныстың кездесе қалған сәтте амандық-саулықтан соң алғаш сұрайтыны: «Астанаға қашан көшкелі жатырсындар?» болғаны да рас-тын. Енді, міне, «Егеменнің» 70 жыл тұрақты да құтты мекеніне айналған Алматысынан Астанаға ауысатыны сөзден шындыққа айналып,



Астанадағы алашқы ғимараты

тіпті көшетін күні де белгіленіп қойған кез еді бұл.

Ақмолаға еліміздің елордасы мәртебесін беру туралы мәселе алғаш көтерілген кезде-ақ оны сан-саққа жүгіртіп, жоқты бардай, болмашыны дардай етіп көрсетуге

тырысқандардың аразамызда аз болмағаны белгілі. Болашақ астананың кескін-келбеті, орналасқан жері, табиғаты мен ауа райы хақында сол шақта небір жеңіл сөздердің желдей ескені де ешкімге құпия емес. Дегенмен тарихи

шешім жасалып, бұрынғы Ақмола, бүгінгі Астана Қазақ елінің бас қаласына айналды. Үлкен қоштң соңы ала бере «Егемен Қазақстан» да елордаға қоныс аударды.

(Соңы 10-бетте)